

Сәлғожа Индира Тойшыбекқызының 6D011100 - Информатика мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «Сыныптан тыс жұмыстарда әл-Фарабидің математикалық мұрасы бойынша оқушылардың ақпараттық құзырлылығын қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына
ресми рецензент Әбдиев Қали Сейілбекұлының

П І К І Р І

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның жалпы Ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практиканың және Ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы

Білім беру жүйесінің басты міндеті – оқушыларға тек белгілі білім беріп қана қоймай, сонымен бірге оларда ақпараттық құзырлылықты қалыптастыру. Ақпараттық құзырлылығын қалыптастыру өсіп келе жатқан жас ұрпақты тәрбиелеудің, қиындықты жеңе білуге тәрбиелеудің қажетті шарты болып табылады. Біздің елімізде, оның үстіне білім берудегі құзырлылық идеясы 12-жылдық білім берудің МЖБС-сының жобасын дайындаудан бастау алып, қазіргі күні білім берудің мақсаты мен құндылық бағдарын анықтаудың негізі ретінде қарастырылады.

Ендеше, бүгінгі ақпараттық заманда өскелең ұрпақтың ақпараттық құзырлылығын қалыптастыру мәселесі – білім беру жүйесінің ең жоғарғы мақсаттарының бірі. Осыған байланысты еліміздің ұлттық игіліктері мен адамзаттың мәдени мұраларының сабақтастығын сақтай отырып, заман сұранысына сай оқушылардың ақпараттық құзырлылығының қалыптасуына жағдай жасау қажеттігі туып отыр. Сондықтан, ақпараттық қоғамда сабақ уақытында да, сыныптан тыс уақытта да оқушылардың ұлттық мәдениет пен ел тарихын, экономикалық, экологиялық, әлеуметтік жағдайын саналы түсінуіне, ақпараттық құзырлылығын қалыптастыруға ерекше назар аударылуы керек.

Осы тұрғыдан И.Т.Сәлғожаның философия докторы (PhD) дәрежесін алуға дайындаған диссертациялық жұмысы теориялық зерттеуімен және практикалық маңыздылығымен өте көкейкесті.

2. Диссертацияларға қойылатын талаптар шеңберіндегі ғылыми нәтижелері

Зерттеу жұмысының мақсаты - сыныптан тыс жұмыстарда әл-Фарабидің математикалық мұрасы арқылы оқушылардың ақпараттық құзырлылығын қалыптастыру әдістемесін жасау және оны негіздеуге арналған. Диссертациялық жұмысты орындау нәтижесінде, диссертанттың қол жеткізген ғылыми нәтижелерінің сыныптан тыс жұмыстарын ұйымдастыруда барысында елеулі үлесі бар.

Ізденуші зерттеу жұмысын орындау барысында төмендегідей ғылыми нәтижелерді анықтаған:

- сыныптан тыс жұмыстарда оқушылардың ақпараттық құзырлылығын қалыптастыру ғылыми негізделіп, оны қалыптастырудың қажеттілігі көрсетілген;

- сыныптан тыс жұмыстарда әл-Фарабидің математикалық мұрасы бойынша оқушылардың ақпараттық құзырлылықтарын қалыптастырудың тиімді шарттары қарастырылған;

- сыныптан тыс жұмыстарда Әл-Фарабидің математикалық мұралары бойынша оқушылардың ақпараттық құзырлылықтарын қалыптастырудың мазмұны мен құрылымы айқындалған;

- сыныптан тыс жұмыстарда әл-Фарабидің математикалық мұрасы бойынша оқушылардың ақпараттық құзырлылығын қалыптастырудың құралдары анықталып, оның әдістемесі жасалған.

3. Докторанттың диссертацияда тұжырымдалған әрбір нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделу және шынайылық дәрежесі

Ғылыми нәтижелердің дәлелділігі мен негізділігін мына көрсеткіштерден байқауға болады:

Бірінші нәтижеде – жалпы білім беретін мектептерде оқушылардың құзырлылығын қалыптастыруға арналған білім беру саласындағы көптеген ғалымдардың ғылыми теориялық тұрғыдағы қарастырған зерттеулеріне талдау жасап, олардың тұжырымдары мен ұсыныстарын негізге ала отырып, сыныптан тыс жұмыстарда оқушылардың ақпараттық құзырлылығын қалыптастырудың қажеттілігі көрсетілген.

Екінші нәтижеде автор әл-Фарабидің математикалық мұрасындағы есептердің ерекшеліктерін айқындап, сыныптан тыс жұмыстарда әл-Фарабидің математикалық мұрасы бойынша оқушылардың ақпараттық құзырлылықтарын қалыптастырудың тиімді шарттарын қарастырған.

Үшінші нәтижеде - сыныптан тыс жұмыстарда әл-Фарабидің математикалық мұрасы бойынша оқушылардың ақпараттық құзырлылығын қалыптастырудың құрылымын және мазмұнын айқындап, құралдарын нақтылаған.

Төртінші нәтижеде жоғарыда аталған құралдарды пайдалана отырып, сыныптан тыс жұмыстарда әл-Фарабидің математикалық мұрасы бойынша оқушылардың ақпараттық құзырлылығын қалыптастыратын мысалдарды келтіре отырып, ақпараттық құзырлылықты қалыптастырудың әдістемесі жасалған.

4. Докторанттың диссертацияда тұжырымдалған әрбір Ғылыми нәтижесі (қағидасы) мен қорытындысының жаналық дәрежесі

1. Бірінші нәтиже жаңа. Себебі, сыныптан тыс жұмыстарда оқушылардың ақпараттық құзырлылығын қалыптастырудың қазіргі жағдайына талдау жасалып, оны қалыптастырудың қажеттілігі көрсетілген.

2. Екінші нәтиже де жаңа. Бұлай дейтініміз, әл-Фарабидің математикалық мұрасындағы есептердің ерекшеліктерін айқындап, сыныптан тыс жұмыстарда әл-Фарабидің математикалық мұрасы бойынша оқушылардың ақпараттық құзырлылықтарын қалыптастырудың тиімді шарттарын құрастырған.

3. Үшінші нәтиже жаңа. Себебі, әл-Фарабидің математикалық мұрасы бойынша оқушылардың ақпараттық құзырлылығын қалыптастырудың

құрылымын және мазмұнын айқындалып, сыныптан тыс жұмыстарында қолдануға ұсынылған.

4. Төртінші нәтиже де жаңа. Оның себебі, ұсынылып отырған құралдармен сыныптан тыс жұмыстарда әл-Фарабидің математикалық мұрасы бойынша оқушылардың ақпараттық құзырлылығын қалыптастыратын әдістемесі алғаш рет ұсынылып отырғандығы болып табылады.

5. Алынған нәтижелердің ішкі бірлігін бағалау

Зерттеу жұмысының барлық нәтижелері ішкі бірлікпен сипатталады және олар сыныптан тыс жұмыстарда оқушылардың ақпараттық құзырлылығын қалыптастыруға бағытталған. Қорытындыдағы тұжырымдар осы ішкі бірлікті сипаттайды.

6. Ізденушінің алған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы міндетті шешуге бағытталатындығы

И.Т.Сәлғожаның «Сыныптан тыс жұмыстарда әл-Фарабидің математикалық мұрасы бойынша оқушылардың ақпараттық құзырлылығын қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациясында қол жеткізген нәтижелері ішкі бірлікпен, логикалық және алынған нәтижелердің бір-бірінің байланыстылығымен сипатталады. Зерттеу жұмысының тұжырымдары мен қорытындылары ғылыми тұрғыдан дәлелді келтірілген.

Алынған нәтижелерді жалпы білім беретін орта мектептердегі информатика, математика пәндерінен сыныптан тыс жұмыстарда оқушылардың ақпараттық құзырлылығын қалыптастыруда толық қолдануға мүмкіндік береді.

7. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткілікті толықтығына растама

Зерттеу жұмысының негізгі қағидалары мен нәтижелері Scopus деректер қоры базасында импакт факторлы ғылыми журналда – 1, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған басылымдарда – 6, Ресейлік ғылыми журналдарда – 1, оқу әдістемелік құрал – 1, жалпы 16 ғылыми мақалалар және 1 оқу әдістемелік құрал жарық көрді.

8. Диссертация мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кемшіліктер

Диссертациялық жұмысты орындау барысында жіберілген кейбір кемшіліктер:

- Жұмыстың негізгі мақсатын, яғни оқушылардың ақпараттық құзырлылығын сыныптан тыс жұмыстарда қалыптастыруды іске асыруда информатика пәні бағдарламасымен байланыс терең айқындалмаған. Мысалы, пәннің типтік бағдарламасында «Оқытудың мақсаты информатика және қазіргі заманғы ақпараттық технологиялардың теориялық негіздері бойынша базалық білім жүйелеу арқылы *ақпараттық құзіреттілікті қалыптастыру*, әр түрлі ақпараттарды өңдеудің қарапайым бағдарламаларымен жұмыс істеу дағдылары, алгоритмдік және операциялық ойлау қабілеттерін дамыту, программалау тілдерінің бірімен, модельдеу қағидаларымен танысу болып табылады» деп нақты атап көрсетілген. Яғни, негізгі бағдарламаны оқыту мақсаты мен факультативтік курсты оқыту мақсаты бір бағытта берілген, олай болса, осы байланысты ашып көрсету керек еді.

- Жоғарыда аталған типтік бағдарламада Информатика мен Геометрия арасындағы пәнаралық байланыс ретінде «геометриялық объектілерді модельдеу, геометриялық композицияларды жасау» көрсетілген. Олай болса, негізгі пәнмен қатар факультативтік курс та осы байланысты көрсетуге бағытталып тұр. Алайда, бұл байланыс диссертация міндеттерінде көрсетілмеген.

- Факультативтің атауы рухани құндылықтарға меңзейді, алайда оның мазмұны жаңа, бұрын пайдаланылмаған мазмұнды пайдалану арқылы ақпараттық құзыреттілікті қалыптастыруға бағытталған. Ал, рухани құндылық негізінен тәрбие жұмысы арқылы қалыптастырылады. Орта білім берудің мемлекеттік стандартында «Оқушылардың дайындық деңгейі үш аспектіні қамту арқылы бағаланады: тұлғалық нәтижелер, жүйелік іс-әрекеттер нәтижелері және пәндік нәтижелер» деп атап көрсетілген. Рухани құндылық, негізінен, осы стандарттағы тұлғалық нәтижелерге жатады. Яғни, курстың атауы мен мазмұны арасында қайшылық бар.

- Факультативтік курстың «Ақпаратпен жұмыс, ақпараттық үдерістер» тақырыбы мен оның мазмұны арасында да қайшылық бар. Пән бағдарламасында бұл тақырыптың мазмұны былайша анықталған: информатика, ақпарат, ақпарат түрлері және өңдеу әдістері, ақпарат мөлшері, ақпарат өлшеу бірліктері (5-сынып), әлемнің ақпараттық сипаты, ақпараттың қасиеттері, ақпаратты қорғау, вирусқа қарсы бағдарламалар, архивтеу бағдарламалары (6-сынып), ақпараттың компьютерде берілу түрлері, сандық, тексттік және графикалық ақпаратты кодтау (7-сынып), т.с.с. Сондықтан, факультативтік курстың ең бірінші тақырыбын «Кіріспе» деп атаған дұрыс болар еді, себебі мазмұн «Ақпаратпен жұмыс, ақпараттық үдерістер» атауына сәйкес келмей тұр.

- Диссертацияда пайдаланған әдебиеттер тізімін рәсімдеуде кемшіліктер бар. Атап айтқанда, Е.С.Павлованың бір еңбегіне [16, 60], «Педагогика: педагогические теории, системы, технологии / Под ред. С.А. Смирнова» [65,151] деген жұмысқа сілтеме екі рет берілген. Тізімдегі біраз еңбектердің атауларын жазуда ұқыпсыздыққа жол берілген және кейбір жағдайларда өте ескі әдебиеттерге сілтеме берілген.

Алайда, жоғарыда аталған кемшіліктер зерттеу жұмысының нәтижелерін теріске шығармайды.

9. Диссертацияның сәйкес мамандық бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру Ережелерінің қойылатын талаптарына сәйкестігі

Сәлғожа Индира Тойшыбекқызының зерттеу жұмысы сауатты ғылыми тілде жазылған. Диссертация мазмұны мен әртүрлі басылымдарда жарияланған еңбектерінің нәтижесі ізденушінің зерттеу тақырыбын жетік меңгергенін көрсетеді.

Ізденуші ұсынып отырған «Сыныптан тыс жұмыстарда әл-Фарабидің математикалық мұрасы бойынша оқушылардың ақпараттық құзырлылығын қалыптастыру» атты зерттеу жұмысы ҚР БЖҒМ-нің Білім және ғылым саласындағы бақылау Комитетінің «Ғылыми дәрежелер беру тәртібі туралы Ережелерінің» талаптарына сәйкес жазылған.

Диссертациялық зерттеу жұмысын орындау барысында автор көздеген мақсатын жүзеге асырған, яғни зерттеу жұмысы аяқталған. Сондықтан, И.Т.Сәлғожаның зерттеу жұмысы 6D011100 - Информатика мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты.

Ресми рецензент,
педагогика ғылымдарының докторы,
доцент, «Тұран» университетінің
оқу-әдістемелік жұмыс және
тәрбие жөніндегі проректоры



К.С. Әбдиев

